6. Notomi T., Okayama H., Masubuchi H., Yonekawa T., Watanabe K., Amino N., Hase T. (2000). Loop-mediated isothermal amplification of DNA. *Nucleic Acids Res.* 28, e63;
7. Myriam Vincent, Yan Xu, Huimin Kong. (2004). Helicase-dependent isothermal DNA amplification. *EMBO Rep.* 5, 795-800;
8. Грабович М.Ю. Современные методы микробиологических исследований. Практическое учебно-методическое пособие для вузов. Издательско-полиграфический центр Воронежского государственного университета, 2007. 69 с.
9. Natarajan G., Johnson Y.R., Zhang F. et al. Real-time polymerase chain reaction for the rapid detection of group B streptococcal colonization in neonates // *Pediatrics.* 2006. V. 118, N 1. P. 14–22.
10. Четверин А.Б., Четверина Е.В. Точная диагностика с помощью молекулярных колоний // *Молекулярная биология.* 2002. Т. 36. С. 320–327.
11. Chetverina He.V., Samatov T.R., Ugarov, V.I., Chetverin A.B. Molecular colony diagnostics: Detection and of viral nucleic acids by in-gel PCR // *BioTechniques.* 2002. V. 33. P. 150–156.

DOI 10.24412/3007-8946-2024-15-33-36

ӘОЖ: 615.32:582.734

**КӘДІМГІ ОШАҒАН (*AGRIMONIA EUPATORIA* L.) ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫНЫҢ
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)**

РЫСҚҰЛБЕК АРУЗА ҚУАНЫШҚЫЗЫ

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ студенті

Ғылыми жетекші – PhD, **М.А. ЖАНДАБАЕВА**

Алматы, Қазақстан

Түйіндеме: Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бойынша дәрілік зат пен медициналық бұйымды 17%-дан 50%-ға дейін жеткізу керек. Соның ішінде ең басты мәселе – отандық өндірушілерді дамыту.

Қазақстанда отандық дәрі-дәрмектердің үлесі 19%-ды құрайды. Оның ішінде ДӨШ-нан алынатын дәрілік заттар 4%-ды ғана құрайды. Соның ішінде экстракт 1%-ды құрайды. Соған байланысты ДӨШ-нан алынатын дәрілік заттардың үлесін арттыруымыз керек. Дәрі-дәрмектердің үлесін арттыру денсаулық саласындағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады. [1]

Халықты тиімді, сапалы, қауіпсіз және қолжетімді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету керек. Ауруды алдын алудың ең қауіпсіз және тиімді әдістерінің бірі ДӨШ-нан алынған дәрілік заттар.

Кәзіргі таңда асқазан-ішек жолы аурулары, бауыр, өт қабы, бүйрек аурулары көп кездеседі. Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) асқазан-ішек жолдарының, бауырдың, бүйректің жұмысын қалыпқа келтіруге арналған бірегей құрал болып табылады.

Осы мәселелердің барлығын шешу мақсатында Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) өсімдік шикізатынан фармацевтикалық субстанция алу өзекті мәселе болып отыр.

Кілтті сөздер: Фармацевтикалық өндіріс, кәдімгі ошаған өсімдік шикізаты, медицинада қолданылуы

Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) – көпжылдық шөптесін өсімдік, раушангүлділер тұқымдасына (Rosaceae) жатады. Өсімдіктің биіктігі 60-130 (150) см, сабағы тік, түктермен жабылған, содан бүкіл өсімдік жасыл-сұр, үлпілдек болып көрінеді. Жапырағы кезектесіп орналасқан, үзік-үзік қауырсынды, эллипс тәрізді, тісті. Гүлдері – 5 сары жапырақшалары бар, 5-12 мм, сабақтың жоғарғы бөлігін бойлай масақ тәрізді гүлшоғырға орналастырылған. Сондай-ақ 5 гүлшоғыры, ал аталықтары 10-нан 20-ға дейін. Маусым-тамыз айларында гүлдейді. Жемісі – бір жаңғақты, құрғақ гипантийде бекітілген ілгекті тікенектермен, олар өсімдіктің таралуын қамтамасыз ету үшін жануарлардың жүні мен адамдардың киіміне жабысады. Кәдімгі ошағанның (*Agrimonia eupatoria* L.) тамыры көпжылдық және төзімді, бұл өсімдіктің әртүрлі жағдайларда өмір сүруіне көмектеседі. Су мен қоректік заттарды алу үшін қалыпты тереңдікке енеді, бірақ әдетте жер бетіне жақын орналасады, өйткені кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) борпылдақ, құнарлы топырақты ұнатады. [2],[3]

Дәрілік шикізат ретінде жер бетіндегі бөліктері (сабағы, жапырағы, гүлі) жиналады (1-сурет).



Сурет 1 – Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) дәрілік өсімдігі

Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) Қазақстан аумағында кең тараған, әсіресе солтүстік және орталық аймақтарда кең таралған. Оның негізгі өсетін жерлеріне дала, орманды дала және тау етегі аймақтары және жиі шалғындарда, орман жиектерінде, өзендердің және жолдардың бойында кездеседі. Тұрғын үйлердің маңайында, бұталардың арасында, ормандардың шетінде өседі. Оның ең көп таралған аймақтарына Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола облысы, Павлодар облысы, Қостанай облысы жатады. [4]



Сурет 2 – Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) дәрілік өсімдігінің Қазақстан Республикасындағы таралу аймағы

Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) әртүрлі қоңыржай аймақтарда кездеседі. Оның таралу аймағы көптеген континенттерді, соның ішінде Еуропаны, Азияның кейбір бөліктерін және Солтүстік Африканы қамтиды. Өзінің туған жерлерінен басқа, әдетте, Солтүстік Американың кейбір үлкен аудандары сияқты климаттық жағдайлары ұқсас басқа аймақтарға енгізілді. [4]



Сурет 3 – Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) өсімдігінің дүниежүзі бойынша таралу аймағы

Кәдімгі ошағанға (*Agrimonia eupatoria* L.) негізделген дәрілік препараттар халықтық медицинада көптеген аурулардың емі ретінде қолданылады. Олар қабынуға қарсы, спазмолитикалық, қақырық түсіретін, диафоретикалық, холеретикалық және несеп айдағыш ретінде қолданылады. Сонымен қатар, олардың гемостатикалық және қан тазартатын әсері байқалады. Оның негізінде жасалған дәрі-дәрмектер антигельминтикалық және аллергияға қарсы құрал ретінде де қолданылады. Дәстүрлі медицинада кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) көмегімен емдеуді ұсынатын ауруларға мыналар жатады: асқазан-ішек жолдары, бауыр (гепатит, цирроз және т.б.) және өт қабы аурулары, ревматизм, радикулит, бүйрек және зәр шығару жолдарының аурулары (тас, зәр шығаруды ұстамау және т.б.), гинекологиялық аурулар (ісіктер, эрозиялар және т.б.), астма және басқа да өкпе аурулары. Сонымен қатар, кәдімгі ошағанды (*Agrimonia eupatoria* L.) жеңіл тыныштандыратын дәрі ретінде қолдануға болады, өйткені оның орталық жүйке жүйесін тыныштандыратын және қан қысымын төмендететін қасиеті бар. Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) негізіндегі препараттың мүмкіндіктерінің мұндай кең ауқымы оның химиялық құрамына тікелей байланысты. Оның құрамына: таниндер, эфир майлары, глюкоза, фруктоза, полисахаридтер, лимон, алма, қымыздық, шарап және хин қышқылдары, витаминдер, сапониндер, кумариндер, ащы заттар, флавоноидтар және фенолкарбон қышқылдары кіреді. [2]

Кесте 1 – Кәдімгі ошаған өсімдік шикізатының химиялық құрамы

Флавоноидтар	Кверцетин, изокверцитин, апигенин және рутин. Антиоксидантты, қабынуға қарсы, спазмолитикалық әсер көрсетеді.
Эфир майлары	Антисептикалық, қабынуға қарсы әсер көрсетеді.
Кумариндер	Умбеллиферон, эскулетин. Микроциркуляцияны жақсартуға көмектеседі және антикоагулянттық қасиетке ие.

Таниндер	Тұтқыр, қабынуға қарсы және микробқа қарсы әсері бар.
Витаминдер	С және К витамині. Имундық жүйені нығайтуға және қанның ұюын жақсартуға көмектеседі.
Органикалық қышқылдар	Алма қышқылы, лимон қышқылы, салицил қышқылы. Бұл қышқылдар метаболикалық процестерге қатысады және иммунитетті жақсартады.
Сапониндер	Диуретикалық, қақырық түсіретін және қабынуға қарсы әсер көрсетеді.
Ащы заттар	Тәбетті ынталандырады және ас қорытуды жақсартады.

Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) тамырының қайнатпасы – қатерсіз және қатерлі ісіктерге, асқынған ревматизмге ем болады.

Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) шай түрінде диареяға, өт толғанда, тәбеттің төмендеуі кезінде және өт жолдарының ауруларына қарсы қолданылады.

Кәдімгі ошаған (*Agrimonia eupatoria* L.) препараттарының микробқа қарсы, қабынуға қарсы, несеп айдағыш, холеретикалық, ауыруды басатын, қан тоқтататын, тұтқыр, антигельминтикалық және ісікке қарсы қасиеттері бар. [2], [3]

Қорытынды: Кәдімгі ошағанның (*Agrimonia eupatoria* L.) көп қырлы қасиеттері мен пайдасы оны ғылым мен тәжірибеде зерттеуге лайықты нысан етеді. Осы өсімдіктің ботаникалық сипаттамасына, химиялық құрамына, көрсететін фармакологиялық әсеріне қарай кәдімгі ошағаннан дәрілік препараттар дайындап, ары қарай жетілдіру керек. Кәдімгі ошаған – көпқырлы қолданымға ие табиғи ресурс. Оның денсаулыққа пайдалы әсері мен экологиялық маңызы бұл өсімдікті зерттеу мен пайдаланудың қажет екендігін көрсетеді. Ошағанды ғылыми тұрғыдан тереңірек зерттеп, оның барлық мүмкіндіктерін тиімді әрі қауіпсіз пайдалану болашақта көп пайда әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, медициналық және экономикалық жаңалықтарға жол ашуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 132-ө өкімі.
2. [Электронный ресурс]. Википедия: <https://ru.wikipedia.org/wiki/> (дата обращения 08.11.2024)
3. Флора Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – Т.3. – С. 266.
4. [Электронный ресурс].PictureThis: Полная база данных по царству растений. https://www.picturethisai.com/ru/wiki/Agrimonia_eupatoria.html (дата обращения 08.11.2024)

DOI 10.24412/3007-8946-2024-15-37-39

ВЫДЕЛИТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА ПОЧЕК: СТРУКТУРА, ФУНКЦИИ И ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ОРГАНИЗМА

ДУЙСЕМБАЙ АЙГЕРІМ МҮБӘРӘКҚЫЗЫ

Преподаватель биологии Кентауского политехнического колледжа
Кентау, Казахстан

***Аннотация.** Выделительная система человека обеспечивает удаление продуктов метаболизма, токсинов и других ненужных веществ из организма, играя важную роль в поддержании гомеостаза. Основными органами этой системы являются почки – парные органы, выполняющие функцию фильтрации и регулирования различных физиологических процессов. В данной статье мы рассмотрим структуру и функции почек, их роль в водно-солевом и кислотно-щелочном балансе, а также возможные заболевания, связанные с нарушением их работы.*

***Ключевые слова:** Выделительная система почек — это часть мочевыделительной системы, включающая органы, которые фильтруют кровь и удаляют излишки воды, соли и отходы метаболизма. Основные компоненты системы:*

1. Почки — главный орган, ответственный за фильтрацию крови и образование мочи.
2. Нефроны — функциональные единицы почек, которые фильтруют кровь, реабсорбируют воду и полезные вещества, образуя мочу.
3. Мочеточники — трубки, по которым моча переносится из почек в мочевой пузырь.
4. Мочевой пузырь — орган, где накапливается моча.
5. Мочеиспускательный канал — канал, через который моча выводится из организма.

Выделительная система играет ключевую роль в поддержании водно-электролитного баланса, удалении токсинов и регуляции артериального давления.

Строение почек и их расположение.

Почки – это органы бобовидной формы, расположенные в поясничной области по бокам от позвоночника. Правая почка расположена чуть ниже левой из-за расположения рядом с ней печени. Каждая почка окружена тремя оболочками: фиброзной капсулой, жировой капсулой и почечной фасцией, которые выполняют защитную и поддерживающую функцию. Внутри почки выделяются корковое вещество (наружный слой) и мозговое вещество (внутренний слой).

Мозговое вещество почек состоит из пирамид, вершины которых называются сосочками, а те, в свою очередь, открываются в малые почечные чашечки. Малые чашечки соединяются в большие чашечки, которые впадают в почечную лоханку. Лоханка соединена с мочеточником – каналом, через который моча отводится в мочевой пузырь, где она накапливается перед выведением из организма.

1. Нефрон – основная структурно-функциональная единица почки

Каждая почка содержит примерно 1-1,5 миллиона нефронов. Нефрон состоит из следующих частей:


- **Почечное тельце** – включает клубочек капилляров и окружающую его капсулу Боумена. Кровь поступает в клубочек, где под давлением фильтруется через стенки капилляров и капсулы Боумена, образуя первичную мочу.

- **Проксимальный извитой каналец** – здесь происходит реабсорбция значительной части воды, ионов, глюкозы, аминокислот и других веществ, необходимых организму.

- **Петля Генле** – петля, погружающаяся в мозговое вещество почки, где происходит процесс осмотической концентрации мочи.

• **Дистальный извитой каналец** – здесь регулируется состав вторичной мочи, происходят процессы секреции и реабсорбции ионов, что позволяет поддерживать водно-солевой и кислотно-щелочной баланс.

• **Собираательные трубочки** – здесь окончательно формируется моча, которая через систему трубочек поступает в почечные чашечки.



2. Основные функции почек

Почки выполняют ряд функций, жизненно важных для нормального функционирования организма:

1. **Фильтрация крови.** В почках проходит фильтрация крови, при которой вода и растворенные вещества фильтруются через стенки капилляров клубочка и капсулы Боумена. На этом этапе образуется первичная моча, содержащая воду, глюкозу, аминокислоты, соли и отходы.
2. **Реабсорбция.** На этапе реабсорбции из первичной мочи в кровь возвращаются вода, электролиты и полезные вещества. Например, 99% воды и большая часть натрия, калия, кальция и магния реабсорбируются, чтобы поддерживать оптимальные концентрации этих веществ в крови.
3. **Концентрация и регуляция мочи.** Почки способны концентрировать мочу, увеличивая ее плотность и удаляя излишки воды или солей в зависимости от состояния организма. Этот процесс регулируется гормонами, такими как вазопрессин, который способствует удержанию воды, и альдостерон, регулирующий натрий.
4. **Регуляция кислотно-щелочного баланса.** Почки контролируют уровень кислотности крови, выводя избыток ионов водорода (H^+) и удерживая бикарбонат (HCO_3^-), который нейтрализует кислоты. Это необходимо для поддержания уровня pH крови в пределах 7,35-7,45.
5. **Регуляция артериального давления.** Почки регулируют кровяное давление за счет системы ренин-ангиотензин-альдостерон. Ренин, вырабатываемый почками, запускает цепочку реакций, в результате которых происходит сужение сосудов и повышение давления, необходимого для нормального кровоснабжения.
6. **Эритропоэз.** Почки выделяют гормон эритропоэтин, который стимулирует производство эритроцитов (красных кровяных клеток) в костном мозге. Этот процесс особенно важен при снижении уровня кислорода в крови, что может происходить при высоких физических нагрузках или в условиях высокогорья.

7. **Выведение токсинов и продуктов метаболизма.** Почки удаляют из организма токсины, лекарства, избыток солей и продуктов белкового обмена, таких как мочевины и креатинин.

3. Механизм мочеобразования

Процесс мочеобразования включает несколько этапов:

1. **Фильтрация** – происходит в клубочках почечных телец. Первичная моча состоит из воды, солей, глюкозы, аминокислот и некоторых продуктов обмена.
2. **Реабсорбция** – важный этап, на котором происходит возврат необходимых веществ в кровь. Большая часть воды и натрия, а также глюкоза и аминокислоты реабсорбируются на уровне проксимальных канальцев.
3. **Секреция** – в канальцах нефрона происходит активное выделение из крови ненужных веществ, таких как ионы калия, водорода, аммиака и определенных продуктов метаболизма. Эти вещества выделяются в фильтрат, формируя окончательный состав мочи.
4. **Выведение мочи** – после всех этапов мочеобразования готовая моча попадает в почечные чашечки, а затем в лоханку и по мочеточникам выводится в мочевой пузырь для временного хранения.

4. Роль почек в поддержании гомеостаза

Почки регулируют содержание воды и солей, обеспечивая стабильность внутренней среды организма. Благодаря процессам реабсорбции и секреции, почки поддерживают оптимальное содержание электролитов и кислотно-щелочной баланс. Они также реагируют на изменения в окружающей среде, например, на дефицит воды, регулируя объем выделяемой мочи.

5. Заболевания почек

Нарушение функций почек может привести к различным заболеваниям, таким как:

- **Почечная недостаточность.** Состояние, при котором почки теряют способность эффективно фильтровать кровь. Может быть острой или хронической и требовать замещения функции почек (гемодиализа) или трансплантации.

- **Нефриты** – воспалительные заболевания почек, такие как гломерулонефрит и пиелонефрит, которые могут развиваться в результате инфекций или аутоиммунных реакций.

- **Мочекаменная болезнь.** Образование камней в почках из-за накопления солей, которые могут блокировать мочеточник и вызывать сильные боли и осложнения.

- **Гипертоническая болезнь и диабет** – также оказывают значительное влияние на здоровье почек и могут привести к хроническим поражениям, таким как диабетическая нефропатия.

Почки выполняют важнейшие функции в организме, участвуя в процессе фильтрации, выведения метаболических отходов, поддержании водно-солевого и кислотно-щелочного баланса. Заболевания почек могут иметь серьезные последствия, влияя на состояние сердечно-сосудистой, нервной и других систем организма. Понимание роли почек и их функций помогает людям поддерживать здоровье и своевременно предпринимать профилактические меры для сохранения функций этого жизненно важного органа.

ЛИТЕРАТУРА

1. Агабальянц Н. А. *Физиология человека*. — М.: Медицина, 2010.
2. Гай Г. Дж., Холл Д. А. *Медицинская физиология по Гаю и Холлу*. — М.: БИНОМ, 2014.
3. Лурия М. В., Каплан А. Ю. *Анатомия и физиология человека: Учебное пособие*. — СПб.: Питер, 2012.
4. Суворов А. В. *Биология человека: учебник для вузов*. — М.: Академия, 2015.
5. Ткаченко Б. И., Фролова Л. А. *Патофизиология выделительной системы*. — М.: Медицинская литература, 2016.
6. Harrison's Principles of Internal Medicine / Ed. by J. L. Jameson et al. — 20th ed. — New York: McGraw-Hill Education, 2018.
7. Guyton A. C., Hall J. E. *Textbook of Medical Physiology*. — 13th ed. — Philadelphia: Elsevier, 2016.

DOI 10.24412/3007-8946-2024-15-40-43

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МЕДЕТОВ АЙБЕК ЖАКСЫЛЫКОВИЧ

Магистр, Абу Али Ибн Сина жоғары колледжінің, Биология пәнінің оқытушысы,
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы, Қазақстан

***Аннотация:** Мақалада білім, білік және дағдыларды қалыптастыру мәселелері қарастырылады биология сабақтарында әртүрлі зерттеу жұмыстарының көмегімен білім алушылар, мектепте және ЖОО-да экологиялық білім беру және тәрбиелеу қажеттілігі. Осыған байланысты, биологияны зерттеу барысында біртұтас Тұжырымдаманың қажеттілігі айтылды экологиялық білім мен тәрбиенің сабақтастығы және оны жүзеге асырумен байланысты оқу-әдістемелік кешені, оқытудың практикаға бағдарлануын күшейту, кезең-кезеңмен және үздіксіз білім беру жүйесінің көп компонентті құрылымы. Зерттеу кезінде 9 биология және сабақтан тыс іс-шараларды өткізу білім алушыларда қалыптастырылуы қажет теориялық-әдіснамалық негіздемесі бар экологиялық құзыреттілік оқытудың экологиялық мәселелері.*

***Кілттік сөздер:** Биология және экология.*

Оқушылардың білімін көтеру оқуға деген ынта жігерімен қызығушылығын арттыру әр мұғалімнің міндеті. Бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды проблемалардың ішінде, табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, күннен-күнге туындап отырған экологиялық мәселелер мен олардың шешімін іздестіру өзінің өзектілігін дәлелдеуде. Ал бұл болса білім беру процесінде жасөспірімдер мен жастардың экологиялық тәрбиелілігін дамыту қажеттілігін күн санап арттыра түседі, өйткені қоршаған орта мен адамның денсаулығын сақтау маңызды құндылықтың бірі болып табылады.

Биология пәнін оқытуда және сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу кезінде оқытудың экологиялық мәселелерін теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздей отырып, экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру. Белгіленген мақсат негізінде, биология сабағында оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, сабақты табиғатпен байланыстыра отырып, экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру қажет.

Жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды дайындауға арналған білім беру бағдарламаларына «Экология және өмір қауіпсіздігі», «Биогеоценология», «Өсімдіктер мен жануарлар экологиясы» пәндерін енгізу арқылы, білім алушыларға экология негіздері мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері туралы білім беріп, экологиялық құзыреттілікті қалыптастыруға болады. Сабақта қарастырылатын тақырыптарға өзіміздің мекен ортамыздың экологиялық жағдайы туралы мәліметтерді, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін ендіру арқылы теориялық білімдерін тереңдетіп, қоршаған ортаны қорғау шараларын іске асыруға бастама береді. Атап айтсақ, Шымкент қаласы территориясының ауыр метал иондарымен ластану дәрежесін анықтап, оның өсімдіктерге кешенді әсерін зерттеу нәтижелерін сабаққа енгізу арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру. Сабақ барысында білім алушылар талдау жасатып, қорытындылау және ұсыныстар беруге дағдыландыру.

Ауыр металдар иондары - биологиялық активті заттар. Ауыр металдардың әсеріне өсімдіктердің реакциясы барлық ұйымдасу деңгейлерінде, яғни клеткалық, организмдік және популяциялық деңгейлерде байқала береді. Клеткалық деңгейде, ауыр металдардың артық мөлшеріне қатысты жалпы байқалған стресс және клетка мембраналарының, зақымдануы мен ферменттердің активтілігінің өзгеруі ретінде байқалады. Осыған байланысты, ауыр металдар тұздарының өсімдіктерде жиналуын және олардың фенологиялық даму фазаларына әсерін алуға болады.

Өсімдіктерде ауыр металдардың жиналу дәрежесі Шымкент қаласы территориясынан бірнеше зерттеу орындарынан анықтап талданды.

Зерттеу жұмысының мақсаты - сүректі ағаш өсімдіктерінде ауыр металдардың жиналу мөлшерін және фенологиялық даму фазаларына әсерін анықтау. Ол үшін бірнеше зерттеу орындарынан 2 ағаш өсімдігінің түрі таңдап алынды. Олар: шетен жапырақты үйеңкі (*Asar pedundo*), қара терек (*Populus nigra*). Аталған өсімдіктер Шымкент қаласының территориясында және Түркістан облысы аймағында кең таралған.

1,2-кестеде көрсетілгендей, зерттелген өсімдіктердің түрлері ауыр металдарды сіңіру қабілетінің әртүрлілігімен ерекшеленеді. Ағаш өсімдіктерінен Шетен жапырақты үйеңкі (*Asar pedundo*) өсімдігінде қорғасын мөлшері 91,42 мг/кг тең. Бұл көрсеткіш ШРК-дан 18 есе жоғары. Қара теректе (*Populus nigra*) қорғасын орта дәрежеде жиналатыны анықталды, оның мөлшері 38,75 мг/кг, ШРК-дан 7,7 есе артып отыр. Басқа зерттеу орындарында да өсімдіктердегі қорғасынның мөлшері бақылау орнымен салыстырғанда жоғары. Алайда қорғасын өндірісінен қашықтаған сайын өсімдіктердегі қорғасынның мөлшері төмендей түседі.

Мырыштың жоғарғы концентрациясы 1-зерттеу орнында байқалды. Ол қара теректе 50 мг/кг (1,6 ШРК), бұл көрсеткіш ШРК көрсеткішінен 1,6 есе жоғары. Шетен жапырақты үйеңкіде мырыштың мөлшері 13,40 мг/кг. Шетен жапырақты үйеңкіде 2-зерттеу орнында 3,22 мг/кг (ШРК-дан 8 есе), 3- зерттеу орнында 1,70 мг/кг (4 есе), 4-зерттеу орнында 0,70 мг/кг (1,7 есе) тең. Мыс - биологиялық әсері кең спектрлі химиялық элемент. Мыс өсімдіктер организміне қажетті микроэлемент. Алайда өсімдіктер тіршілігі үшін мыс өте аз мөлшерде қажет. Өсімдік ұлпасында мыстың жылжымалылығына, оның топырақтағы мөлшерінің деңгейі қатты әсер етеді. Мыстың көп мөлшері өсімдік тамыры мен жапырақтарында жиналады, ал жас мүшелерінде өте аз мөлшерде кездеседі. Бұл элемент өсімдіктерде көп жиналған жағдайда зақымдану симптомдары байқалады. Олардың өсуі баяулайды, жапырақ ұштары ағара бастайды, тамыр талшықтарының түзілуі баяулайды, өнімі төмендейді.

Зерттеу нәтижесіне сүйенсек, мысты көп мөлшерде Шетен жапырақты үйеңкіде (*Asar pedundo*) 25 мг/кг жиналған. Мыстың жоғары концентрациясы 1- зерттеу орнындағы өсімдіктерде анықталды. Өсімдіктерде белгілі бір фенологиялық фазалардың жүруі оның организмдн жүріп жатқан ішкі құбылыстармен тығыз байланысты.

Өсімдік өз дамуының түрлі кезеңдерінде сыртқы ортаға белгілі бір талаптар қояды. Соған сәйкес өсімдікте бір даму кезеңі өтпей қалса, ол келесі кезеңнің кешігіп жүруіне немесе мүлдем тоқтап қалуына әкеліп соғады. Морфологиялық тұрғыдан өсімдікте бүршік, жапырақ, гүл шоғыры, гүл мен жемістің пайда болуымен байқалатын фенологиялық фазалар - өсімдіктің ішкі ортасындағы құбылыстармен байланысты. Өсімдіктің даму кезеңдеріне тұрғылықты аймақтың климаттық ерекшеліктері мен ауа-райы да әсер етеді. Даму кезеңінегі морфологиялық өзгерістерді тіркеу кезінде негізінен 5 фенофазаға бөледі: вегетативті, өскін түзу, гүлдеу, жеміс түзу, тіршілігін жою, тыныштық күйге көшу (көп жылдық өсімдіктер үшін).

Бақылау қорытындылары 1,2-кестеде көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей әр зерттеу орнында фенофазалардың жүруі әртүрлі. Біздің алған мәліметтеріміз, ауыр металдардың өсімдік фенофазаларының жүру ырғағын бұзып, жылжытатынын көрсетті.

Ауыр металдармен интенсивті ластанған аймақтарда, анағұрлым таза аймақтармен салыстырғанда вегетативті фаза, яғни бүршіктің жарылуы, гүл қауызының ашылуы, гүлдеу, жемістің пайда болуы бірнеше күнге кеш басталады, ал жемістің пісіп жетілуі мен төгілуі, жапырақтардың сарғаюы және төгілуі керісінше ерте басталып, ерте аяқталады. Осы орайда, ағаш өсімдіктерінің ішінде қара теректің маусымдық дамуында үлкен өзгерістер байқалды.

Қара теректің даму фазаларының басталу мерзіміндегі ауытқулар (тәулік бойынша)

Кесте 1

№	Өсімдіктердің фенологиялық фазалары	Бақылау орындары		
		1-бақылау орны	2-бақылау орны	3-бақылау орны
1	Вегетативті фаза (бүршіктенуі)	-12	-6	-2
2	Гүл қауызының түзілу фазасы	-10	-5	-2
3	Гүлдеу фазасы	-11	-7	-1
4	Жеміс түзу фазасы	-13	-8	-2
5	Жапырақтың сарғаюы	+5	+3	+2
6	Вегетацияның аяқталу фазасы	+4	+3	+2

Шетен жапырақты үйеңкінің даму фазаларының басталу мерзіміндегі ауытқулар (тәулік бойынша)

Кесте 2

№	Өсімдіктердің фенологиялық фазалары	Бақылау орындары		
		1-зерттеу орны	2- зерттеу орны	3- зерттеу орны
1	Вегетативті фаза (бүршіктенуі)	-4	-3	-1
2	Гүл қауызының түзілу фазасы	-4	-3	-1
3	Гүлдеу фазасы	-7	-5	-2
4	Жеміс түзу фазасы	-10	-7	-3
5	Жапырақтың сарғаюы	+7	+5	+2
6	Вегетацияның аяқталу фазасы	+5	+4	+2

1-бақылау орнында, яғни өндіріс аймағында: Өсімдіктердің вегетативті фазасы, яғни бүршік жаруы бақылау аймағымен салыстырғанда 12 күнге кеш басталды; қауыздану фазасында гүл бүршігінің ашылуы 10 күнге кеш басталды; гүлдеу фазасы 11 күнге кеш басталды; жемістің пайда болуы 13 күнге кеш басталды; жапырақтардың сарғаюы 5 күнге ерте басталған; вегетацияның аяқталу фазасы (жапырақтардың түсуі) 4 күнге ерте басталған. 2-бақылау орнынан бастап қара теректің фенофазаларындағы кері өзгерістер айтарлықтай төмендеген. Атап айтсақ, вегетативті фазасы 6 күнге кеш басталды; қауыз түзуі 5 күнге кеш басталды; гүлдеу фазасы 7 күнге басталды; Жемістің пайда болу фазасы 8 күнге кеш басталған; жапырақтардың сарғаюы 4 күнге ерте басталды; вегетацияның аяқталу фазасы 3 күнге ерте басталған. 3- бақылау орнында байқалған өзгерістер: вегетативті фаза 2 күнге кеш басталды; қауыз түзу фазасы 1 күнге кеш басталды; гүлдеу фазасы 1 күнге кеш басталды; жеміс түзу фазасы 2 күнге кеш басталды; Жапырақтардың сарғаюы 3 күнге ерте басталды; вегетацияның аяқталуы 2 күнге ерте жүреді. Қала территориясында, әсіресе өндірістік аудандарда көп кездесетін. Шетен жапырақты үйеңкінің бүкіл вегетативті даму кезеңіндегі маусымдық өзгерістерді талдағанда төмендегідей өзгерістер анықталды: 1-зерттеу орнында бақылау орнымен салыстырғандағы өсімдіктердің фенологиялық фазаларындағы анықталған ауытқулар: 1) вегетативті фаза 4 күнге кеш басталды; 2) қауыз түзу 4 күнде кеш басталды; 3) гүлдеуі 7 күнге кеш; 4) жемістің түзілуі 10 күнге кеш басталып отыр. 5) Жапырақтардың сарғаюы 7 күнге ерте басталған. 6) Вегетацияның аяқталуы, яғни жапырақтардың түсуі 5 күнге ерте басталды. 2-зерттеу орнында бақылау көрсеткішімен салыстырғанда төмендегідей өзгерістер анықталды: 1) вегетативті фаза 3 күнге кеш басталды; 2) бүршіктену фазалары 3 күнге кеш; 3) гүлдеу фазасы 5 күнге кеш; 4) жеміс түзуі 7 күнге кеш басталған; 5) жапырақтың сарғаюы 5 күнге ерте басталды; 6) вегетацияның аяқталуы 4 күнге ерте басталып отыр. 3-зерттеу орнында анықталған көрсеткіштер: 1) бүршіктену 1 күнге ерте басталды; 2) қауыз түзу фазалары 1 күнге; 3) гүлдеу фазасы 2 күнге кеш; 4) жеміс түзуі 3 күнге кеш; 5) жапырақтардың

алғашқы сарғаюы 2 күнге ерте басталды; б) вегетацияның аяқталу фазасы 2 күнге ерте басталып отыр. Ауыр метал тұздарының жоғары концентрациясы өсімдіктерде жүретін күрделі физиологиялық процестерге кері әсер етеді. Тұқымның өнуін, тамырдың өсуін тежейді. Сонымен қатар, фотосинтез қарқындығы төмендеп, изоляцияланған хлоропласттарда жарықтың оттегі бөлу қасиетіне ингибитар ретінде әсер етеді. Өсімдіктерге фенологиялық бақылау жүргізгенде, ауыр металдардың өсімдіктердің фенофазаларының жүру қарқындылығын төмендететінін анықтадық.

Қорытынды. Экологиялық білімді қалыптастыруда білім алушылардың сезімі мен сенімін дамытып, оларға экологиялық-психологиялық тәрбие берудің маңызы зор. Мектептерде және жоғарғы оқу орындарында экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесі осы уақытқа дейін орталықтандырылмаған. Соның нәтижесінде ғылыми жүйелілік сақталмай, экологиялық материалдар жалпылама сипат алуда. Қазірге дейін экологиялық білім берудің теориялық мәселелері өріс алуда. Онда 1990 жылы шыққан Қазақстан Республикасының Табиғатты қорғау туралы Заңындағы қағидаға сәйкес алға қойған проблемаларды басшылыққа ала отырып шешуге ұмтылады. Басты мақсат - көпшілікке үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру. Болашақ ұстаздар экология ғылымын меңгерумен қатар төмендегідей мәселелерді шешуге ұмтылғандары жөн.

1. Айнала қоршаған ортаның өзгерісіне бақылау жасап, оның себебін талдау.

2. Кез келген экологиялық жағдайдың себебін ашып, оны жоюдың, қалпына келтірудің жолын ашу.

3. Табиғат қорларын үнемді және ұтымды пайдалану.

4. Табиғат қорғау мен экология бағытындағы өкімет заңдары мен қаулыларын білу. Оқушылар мен студенттерге экологиялық білім беруді төмендегідей ұйымдастыруға болады:

а) IV-XI сынып оқушыларына химия, биология сабақтарында;

ә) қосымша тәрбие жұмыстарында;

б) IX-XI сыныптарда факультативтік сабақтар өткізу;

в) пәнаралық байланыстарды арттыру;

г) өз бетімен істейтін жұмыстар беру.

Осылайша, биология сабақтарында экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы сабақты түрлендіріп өткізсе, білім алушылардың экологиялық құзіреттілігі қалыптаса отырып, қоршаған ортаны қорғауға бірден-бір көмегі болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Овчаренко М. М. Тяжелые металлы в системе почва-растение-удобрение // Химия в сельском хозяйстве.- 1995 г. - С. 4
2. Алексеева Ю. В. Тяжелые металлы в почвах и растениях // Л.: Агропромиздат, 1987.-141 с.
3. Кіршібаев Е. А., Сәрсенбаев Б. Ә., Сапахова З. Б. Кейбір табиғи астық тұқымдас өсімдіктерге ауыр металдардың әсері // Биотехнология, теория и практика.- 2004 - №2. - Б. 90-100.
4. Серегин И. В., Иванов В. Б. Физиологические аспекты токсического действия кадмия и свинца на высшие растения // Физиология растений. 2001 -Т 48.- №4.- С. 606-630.

СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ **BIOLOGICAL SCIENCES**

ЖАНДАБАЕВА М.А., КЕНЖЕБЕКОВА Н.Н., ӘБІЛЖАН Г.Б. [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ҚЫЗЫЛБАС БЕДЕ (<i>TRIFOLIUM PLATENSE</i> L.) ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫН ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДА ҚОЛДАНУЫ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ).....	3
СУЛЕЙМЕНОВ С.Б. [АТЫРАУ, КАЗАХСТАН] СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПОПУЛЯЦИЙ ПОЛУПРОХОДНЫХ ВИДОВ РЫБ Р.КИГАШ.....	11
К.Х.МИКАИЛОВА, И.С.АХМЕДОВ, З.М.МАМЕДОВ ПРИГОТОВЛЕНИЕ НАНОСЕПТИЧЕСКИХ КРЕМОВ С ПОМОЩЬЮ ЭКСТРАКТОВ ЗЕРНОВЫХ КУЛЬТУР.....	15
СӘРСЕМБЕКОВА ЛАУРА САМАТҚЫЗЫ, Г.Д.МЕДЕУОВА [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ҚАЗАҚСТАНДА ЖАБАЙЫ ӨСЕТІН ASTERACEAE ТҰҚЫМДАСЫНА ЖАТАТЫН ҮШ ШӨПТІҢ ФИТОХИМИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	22
ЖАНТІЛЕУОВА Р.Ж., ЖАҚСЫЛЫҚОВА А.Ж., БИСЕНОВ У.К. [АТЫРАУ, ҚАЗАҚСТАН] ПТР ТӘСІЛІН МЕДИЦИНА МЕН ВЕТЕРИНАРИЯДА АУЫРУ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МАЛДАРЫНЫҢ ГЕНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ӨЗГЕРГІШТІГІН ЗЕРТТЕУДЕ ҚОЛДАНУ.....	27
РЫСҚҰЛБЕК АРУЗА ҚУАНЫШҚЫЗЫ, М.А. ЖАНДАБАЕВА [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] КӘДІМГІ ОШАҒАН (<i>AGRIMONIA EUPATORIA</i> L.) ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ).....	33
ДҮЙСЕМБАЙ АЙГЕРІМ МҮБӘРӘКҚЫЗЫ [КЕНТАУ, КАЗАХСТАН] ВЫДЕЛИТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА ПОЧЕК: СТРУКТУРА, ФУНКЦИИ И ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ОРГАНИЗМА.....	37
МЕДЕТОВ АЙБЕК ЖАКСЫЛЫКОВИЧ [САРЫАҒАШ, ҚАЗАҚСТАН] БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖӘНЕ САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	40



"IN THE WORLD OF SCIENCE AND EDUCATION"

Контакт

els.education23@mail.ru

Наш сайт

irc-els.com